

## **Муканова Динара Адлетқызы**

Медицина ғылымдарының кандидаты, доцент, жоғары санатты дәрігер-терапевт.

1992 жылы Семей мемлекеттік медицина институтты үздік бітірді, емдеу факультеті.

### **Жұмыс тәжірибесі:**

1992-1996 жж. – клиникалық ординатура «Ішкі аурулар» мамандығы бойынша;

1996-1999 ж. ж. – клиникалық зертханалық диагностика кафедрасында күндізгі аспирантура;

1997 ж. факультеттік терапия кафедрасына аспирантураға ауыстырылды;

2001 ж. — кандидаттық диссертация тақырыбы: «Егде жастағы адамдарда гипертензияның цереброваскулярлық аспектілері. Емдеуді, оңтайландыру сұрақтары»;

2001 ж. факультеттік терапия кафедрасының ассистенті;

2008 ж. — терапия бойынша интернатура кафедрасының доценті;

2016 ж. 1 қыркүйектен бастап жалпы дәрігерлік кафедрасына доцент болып ауыстырылды.

2016 жылдың 1 қарашасында Семей қаласының мемлекеттік медицина университетінің оқу-клиникалық орталығының бастығы лауазымына ауыстырылды, ол кейіннен “СМУ” КеАҚ симуляциялық технологиялар кафедрасы болып қайта құрылды. Қазіргі уақытта симуляциялық технологиялар кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарады.

### **Симуляциялық оқыту бойынша мамандандыру:**

2008 ж.-халықаралық семинар-оқыту «Медициналық білім беруде клиникалық құзыреттілікті интеграцияланған оқыту және бағалау», КММА;

2011 ж. – Израиль медициналық симуляция орталығында оқыту Sheba medical center;

2014 ж. – халықаралық семинар-оқыту «Білім беру бағдарламаларын әзірлеудің негізгі құзыреттілігі мен әдіснамасын оқыту, құзыреттілік тәсілге негізделген», Астана ҚР ДС ДСДРО;

2016 ж. – «Клиникалық пәндерде білім алушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту»;

2017 ж. – білім беру бағдарламасы аясында білім алушы семинар «Басшы мектебі» – «Корпоративтік басқару негіздері» және «Компаниядағы заманауи HR менеджменті»; «BLS, кеңейтілген жүрек-өкпе реанимациясы ACLS» және «Emergency Medicine Select Clinical Experience», Сент-Луис қаласындағы университет, АҚШ, Миссури;

2019 ж. – біліктілікті арттыру циклі «Кардиологиядағы шұғыл көмек», КеАҚ «СМУ».

